



## Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 15 қаңтар N 14

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

## Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес, өзінің тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген оралмандар отбасыларының қоныс аударуын және жайластырылуын ұйымдастыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасы 5000 отбасы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының                      әкімдерімен                      бірлесіп:

1) оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілгендерді қабылдауды, жайластыруды және орналастырылған жерлерде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде қоныстандыруды                      жүзеге                      асырсын;

2) бір ай мерзімде аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып, оралмандарды                      орналастыру                      схемасын                      әзірлесін;

3) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Қазақстан                      Республикасы                      Президентінің

200                      жылғы                      " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

N \_\_ \_\_ Ж а р л ы ғ ы н а

қосымша

**Оралмандардың 2003 жылға арналған көшіп келу квотасы (отбасы)**

Облыстардың, |Иран|Пә. |А|Қы. |М|Түр.|Рес. |Түр. |Өз. |Қыр.|Тә. |Бар.  
 қалалардың |Ис. |кс. |у|тай |о|ік |сей |кі. |бек.|ғыз.|жік.|лығы  
 атаулары |лам |тан |ғ|Ха. |ң|Рес.|Феде.|менс.|стан|Рес.|стан|  
Рес-	Ис.	а	лық	ғ	пуб.	ра.	тан			пуб.	
пуб-	лам	н	Рес.	о	ли.	циясы			ли.		
ли.	Рес.	с	пуб.	л	касы				касы		
касы	пуб.	т	ли.	и							
	ли.	а	касы	я							
	касы	н									

Ақмола				14		38			556			608
Ақтөбе						20	18		190			228
Алматы			20	28	20	5			80			153
Атырау									76			76
Шығыс												
Қазақстан			42						5			47
Жамбыл						5			165	15	5	190
Батыс												
Қазақстан						110			59			169
Қарағанды									565			565
Қызылорда									94			94
Қостанай						94			564			658
Маңғыстау	38					5	53		256			352
Павлодар						85			480			565
Солтүстік												
Қазақстан						100			540			640
Оңтүстік												
Қазақстан		10	65		10		10		371		5	471
Астана қаласы			7	5		20	5		52	5		94
Алматы қаласы			7	5	10	10	5		43	10		90
Жиынтығы	38	15	65	76	52	40	492	91	4096	30	10	5000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК